Пайдалану жөніндегі нұсқаулық кез-келген уақытта қол жетімді болуы үшін қауіпсіз жерде сақталуы керек.

Ықгимал жазатайым оқиғаларды алдын алу үшін нұсқаулықта келтірілген нұсқауларды мұқият орындаңыз.
Аспапты зауттық қаптамада, онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес тасымалдау және сақтау қажет.

Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.

Көлік және сақтау орындары аспаптың атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық бұзылулардан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқаулар

- Пайдалану кезінде құрылғы қатты қызады. Тұмшашкафтың ішіндегі қыздыру элементтеріне қол тигізбеуге тырысыңыз.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Пайдалану кезінде қол жетімді бөліктер қызуы мүмкін. Күйіп қалуды болдырмау үшін, кішкентай балаларды тұмшашкафқа жақындатпаңыз.
- Ешқашан ыдыстарды тұмшашкафтың ашық есігіне қоймаңыз.
- Тұмшашкафты бутазартқыш көмегімен тазалауға тыйым салынады, себебі бұл қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін.
- Есіктің әйнегін тазарту үшін қатты абразивті тазартқыш заттарды немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, өйткені олар бетті сызып тастауы мүмкін, бұл әйнектің жарылуына әкелуі мүмкін.
- Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қамтылған ережелер мен талаптарды қатаң сақтаңыз. Осы нұсқаулықтың мазмұнымен таныспаған адамдарды тұмшашкафты пайдалануға жібермеңіз.
- Пайдалану кезінде құрылғы қызады, сондықтан сақ болыңыз және тұмшашкафтың ішіндегі қыздырылған элементтерге қол тигізбеңіз.
- Егер қуат сымы зақымдалған болса, оны авариялық жағдайдың туындауын болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервистік агенті немесе осыған ұқсас біліктілігі бар тұлға ауыстыра алады.
- Балалардың құрылғымен ойнамайтынына көз жеткізіңіз.
- ЕСКЕРТУ: Шамды ауыстырмас бұрын, тұмшашкафтың өшірулі екеніне көз жеткізіңіз. Бұл ұсынысты сақтамау электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін.
- 8 жасқа дейінгі балаларды ересектердің қадағалауынсыз құрылғыға жақындатпаңыз.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ физикалық, ақыл-ой қабілеті шөктеулі немесе жеткілікті тәжірибе мен білімі жоқ адамдар, егер олар қадағаланса немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқау алса және онымен байланысты қауіптерді түсінсе қолдана алады. Балаларға осы құрылғымен ойнауға тыйым салынған.
- Барлық желілік сымдар құрылғыдан қауіпсіз қашықтықта орналасуы тиіс.
- Техникалық ақаулық туындаған жағдайда, аспапты электр желісінен ажыратып, сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Жұмыс кезінде аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Өндіруші жабдықты дұрыс пайдаланбау салдарынан келтірілген зиян үшін жауап бермейді.
- Бұл тұмшашкафты бөлме температурасында пайдалану керек.

Электр энергиясын үнемдеу бойынша ұсыныстар Қаптамадан шешу




Электр энергиясын жауапты пайдалану ақшаны үнемдеп қана қоймай, қоршаған ортаны сақтауға да ықпал етеді.

Электр энергиясын үнемдейік! Мұны қалай жасауға болады:

- Қалған жылуды пайдаланыңыз Егер ас әзірлеу уақыты 40 минуттан асса, тұмшашкафты әзірлеу уақытының аяқталуына 1 минут қалғанда өшіріңіз. Таймер пайдаланғанда асқа байланысты барынша аз уақыт белгілеңіз.
- Тұмшашкафтың есігінің дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз. Жылу есіктің тығыздағышындағы жарықтар арқылы өтуі мүмкін. Кез келген ағып кетулер дереу жойылуы керек.
- Тұмшашкафты тоңазытқыштар/ мұздатқыш камераларға тікелей жақындықта орнатпаңыз. Олай болмаған жағдайда, электр энергиясын тұтыну негізсіз артады.

Қаптамадан шешу



Құрылғыны тасымалдау үшін зақымданудан қорғауға арналған қаптама қолданылады.
Қаптамадан шығарғаннан кейін, қаптаманың барлық элементтерін қоршаған ортаға зиян тигізбейтін етіп кәдеге жаратыңыз.

Құрылғыны қаптау үшін қолданылған барлық материал экологиялық таза; олар толықтай қайта өңдеуге жарайды, оны тиісті символдан көруге болады.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Қаптамадан шығару кезінде қаптама материалдарын (полиэтилен пакеттер, полистирол кесектері және т.б.) балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Аспапты кәдеге жарату



Ескі тұрмыстық техниканы кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайды. Оны электр жабдықтарын жинау және өңдеу орталығына тапсырыңыз.

Құрылғыдағы, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы немесе қаптамадағы таңба олардың қайта өңдеуге жарамды екенін білдіреді.




Тұмшапеш ішінде қолданылатын материалдар қайта өңдеуге жарайды және тиісті заттаңбасы бар. Ұсталған құрылғының материалдары мен бөлшектерін қайта өңдеуге беру арқылы сіз қоршаған ортаны қорғауға маңызды елеулі қосасыз.


Пайдаланылған электр аспаптарын кәдеге жарату орталықтары туралы ақпаратты жергілікті билік органдарынан алуға болады.

2. ОРНАТУ ЖӘНЕ ЖАЛҒАУ

Құрылғының сипаттамасы





1. Басқару панелі
2. Тұмшапеш шкафтың есіктерінің тұтқасы
3. Тұмшапеш шкафтың есіктері




Тұмшапеш шкафты орнату

- Қолданыстағы техникалық талаптарға сәйкес, ас үйде температура режимін сақтау үшін құрғақ ауа және тиімді желдету болуы керек.
- Тұмшапеш шкафтың артындағы негізгі сым жұмыс кезінде көп мөлшерде жылу шығарумен байланысты құрылғының артқы панеліне тиіп кетпейтіндей етіп орналасуы керек.
- Барлық қаптама материалдарын (фольга, жасанды көбік, шегелер және т.б.) балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз, өйткені олар ықтимал қауіп төндіреді. Балалар ұсақ бөлшекгер мен фольганы жұтып қоюы мүмкін, бұл қақалуға әкелуі мүмкін.
- Тұмшапеш кіріктіру арқылы орнатылады, бұл оның артқы және бүйірлік қабырғаларын жиһаз немесе бөлме қабырғасына жақын қоюға болатынын білдері. Жиһазда қолданылатын жабын немесе төсеніш 100°C температураға төтеп беруі керек. Бұл беттің деформациялануына немесе жабынның қатпарлануына жол бермейді. Егер сіз өз жиһазыңыздың ыстыққа төзімділігіне сенімді болмасаңыз, тұмшапеш шкафтың айналасында шамамен 2 см бос орынды қарастыру керек. Тұмшапеш шкафтың артындағы қабырға жоғары температураларға төзімді болуы тиіс. Жұмыс кезінде тұмшапеш шкафтың артқы жағы қоршаған орта температурасынан шамамен 50 °C жоғары қызуы мүмкін.
- Тұмшапеш шкафты орнату үшін сызбада көрсетілген өлшемдері бар текше қажет.
- Құрылғы жерге тұйықталған болуы тиіс.
- Тұмшапешті қуысқа толық орнатып, схемада көрсетілген жерлерін төрт бұранда көмегімен бекітіңіз.







Электрлік қосылу

ЕСКЕРТУ!

Барлық электр монтаждау жұмыстарын білікті электрик жүргізуі керек. Электр жабдықтарына ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.

- Қосар алдында зауыттық тақтайшада көрсетілген кернеу желінің нақты кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Жерге тұйықтау сымы сақтандырғыш құрылғы істен шыққан жағдайда ол соңғысымен алынатындай етіп орнатылуы тиіс.
- Құрылғының жұмысы кезінде көп мөлшерде жылу бөлінуіне байланысты тұмшапеш шкафтың артындағы негізгі сым тұмшапеш шкафтың артқы панеліне тиіп кетпейтіндей етіп орналасуы керек.
- Электромонтаж ережесіне сәйкес стационар сымның кернеуі артса, түйіспелерді барлық полюс бойынша ажырату арқылы электр желісінен толық ажырату жүзеге асады.

Қосу (тек білікті электрші орындайды)

Түсті код
L = ФАЗА, түсі - қоңыр немесе қара.
N = БЕЙТАРАП, түсі - көк немесе ақ. Фаза мен бейтарап қосылысының дұрыстығын қадағалаңыз!
⏚ ЖЕР = жасыл немесе сары-жасыл.

3. АЛҒАШҚЫ ПАЙДАЛАНУ


Пайдалануды бастар алдында

- Қаптаманы алыңыз, тұмшапеш шкафының камерасын сүртіңіз.
- Тұмшапеш шкафының бөлшектерін алып тастаңыз және аз мөлшерде жуғыш зат қосылған сумен шайыңыз.
- Үй-жайдағы желдеткішті іске қосыңыз немесе терезені ашыңыз.
- Тұмшапешті шамамен 30 минут 250° С-қа дейін қыздырыңыз, содан кейін кірден толық тазартып, бетін мұқият жуыңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Тұмшапешті алғаш қосқанда түтін шығып, өзіндік иіс пайда болуы мүмкін. Бұл 30 минуттан кейін кететін қалыпты жағдай.

Функция бағдарламалау панелі



Функцияларды таңдау батырмалары

Көпфункциялы реттегіш

Функцияларды таңдау батырмалары

— Басқаруды бұғаттау

— Қосу / Өшіру

— Жарықтандыру

— Бастау / Кідіріс

— Температураны реттеу

— Уақытты орнату

4. ФУНКЦИОНАЛ

Тұмшапешті басқару жөніндегі нусқаулық

1. Қуат көзін алғаш қосқан кезде тұмшапеш күту режиміне өтеді, панельде барлық индикаторлар 1 секундқа жанады, дыбыстық сигнал беріледі, әдепкі уақыт 12:00 көрсетіледі және жыпылықтайды.
2. Айналмалы реттегіштің көмегімен уақытты орнатуға болады, баптау аяқталғаннан кейін растау үшін реттегішті басыңыз немесе 5 секундтан кейін баптау автоматты түрде расталады.
3. Күту режимінде тұмшапешті қосу үшін Қосу батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз.
4. Тұмшапеш функциясы таңдалған кезде жұмыс температурасын және тиісті жұмыс уақытын орнатқаннан кейін Бастау ⏯ батырмасын басыңыз және тұмшапеш жұмыс істей бастайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

1. Сағатты тек күту режимінде орнатуға болады. Расталғаннан кейін, уақытты тағы да орнатқыңыз келсе, тәулік уақытын орнату режиміне өту үшін уақытты орнату батырмасын басыңыз.
2. Тұмшапеш қолданусыз 10 минуттан кейін немесе дайындау аяқталғаннан кейін күту режиміне өтеді.

Дайындау уақытын баптау - Жартылай автоматты режим

1. Дайындау ұзақтығын баптау үшін уақытты орнату батырмасын басыңыз, белгішесі жанады ↦ (жүйе 2-режимде жұмыс істеген кезде дисплей «дайындау уақытын» көрсетеді), сағат дисплейінде белгіленген жұмыс уақыты көрсетіледі, қажетті дайындау уақытын баптаңыз. Баптау аяқталғаннан кейін келесі баптауға өтіп, алдыңғысын растау үшін реттегішті басыңыз немесе дайындауды тікелей бастау үшін Бастау ⏯ батырмасын басыңыз.
2. Тұмшапеш жұмыс істей бастағанда, жұмыс уақытының индикациясы кері санау режиміне өтеді, уақыт кемиді (жүйе 2-режимде жұмыс істеп тұрғанда дисплейге температура шығады, уақытты бақылау үшін басып тұруға болады, 🕒 соңғы минут ішінде индикация уақытты кері санауға көшеді).
3. Белгіленген уақыттың аяқталуына 1 минут қалғанда дисплейге секундпен кері санау шығады. Кері санау 0-ге теңескенде уақыт пен уақыт батырмасы жыпылықтай бастайды, дыбыстық сигналды кез келген батырманы басу арқылы өшіруге болады немесе 120 секундтан соң ол өздігінен өшеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

1. Ұзақтық функциясын белсендіргеннен кейін, бағдарламаланған жұмыс уақытынан бас тартқыңыз келсе, уақытты «0:00» күйіне қою арқылы бұл функцияны жоя аласыз. (Ұзақтықты жойғаннан кейін бағдарлама максималды жұмыс уақытына сәйкес жұмыс істейтін болады).
2. Тұмшапеш қолданусыз 10 минуттан кейін немесе дайындау аяқталғаннан кейін күту режиміне өтеді.

Қосу және өшіру уақытын баптау - Автоматты режим

Дайындау ұзақтығын баптау аяқталғаннан кейін аяқтау уақытын баптау үшін реттегішті басыңыз →|, белгішесі жыпылықтайды (жүйе 2-режимде жұмыс істеген кезде дисплей «аяқтау уақытын» көрсетеді), баптау аяқталғаннан кейін келесі баптауды жасау және алдыңғысын растау үшін реттегішті басыңыз немесе растау үшін ⏯ батырмасын басыңыз.

Тұмшапеш толығымен автоматты режимге қойылғаннан кейін сағат дисплейінде тұмшапеш жұмысының аяқталу уақыты көрсетіледі. (Режим 2 күту уақытын көрсетеді) Белгіленген уақыттан кейін тұмшапеш жұмыс істей бастайды (жұмыс принципі жартылай автоматты режимдегідей).

Мысалы: Қазір 12:00, дайындау ұзақтығы 30 минут, ал аяқталу уақыты 14:00 деп белгіленген. Автоматты режимді қосу расталған соң дисплейге 14:00 шығады, ал 13:30-да тұмшапеш жұмыс істей бастайды (2-режим 1:30 күту уақытын көрсетеді, күту уақыты өтіп, 0 көрсеткен кезде тұмшапеш жұмыс істей бастайды).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дайындау уақытының диапазоны: ағымдағы уақыт<дайындаудың аяқталу уақыты<ағымдағы уақыт + 24 сағат.
Дайындау уақыты = ағымдағы уақыт + дайындау уақыты + күту уақыты.
Егер ұзақтығы белгіленбесе, аяқталу уақыты автоматты түрде өткізіп жіберіледі.

Температура мен уақытты баптау

Тұмшапештің жұмыс режимін таңдағаннан кейін, жұмысты бастамас бұрын, температура мен жұмыс уақытын өзгерткіңіз келсе, 🕒 немесе 🌡 (баптаулар арасында ауысу үшін реттегішті бұрауға және басуға болады)
1. Дайындау функциясын таңдағаннан кейін дисплейде әдепкі температура мәні көрсетіледі, «Температура» батырмасын басыңыз, температура көрсеткіші модулі жыпылықтай бастайды және айналмалы қосқышты пайдаланып температураны орнатуға болады. Баптау аяқталғаннан кейін баптауларды растау үшін реттегішті немесе «Бастау» ⏯ батырмасын басыңыз.
2. Ұзақтық пен аяқталу уақытын орнатуды ауыстыру үшін 🕒 пернесін дәйекті түрде басыңыз, дисплейде әдепкі уақыт көрсетіледі және жыпылықтайды, реттегішті пайдаланып, қажетті уақытты орнатуға болады. Баптау аяқталғаннан кейін >|| батырмасын басыңыз және тұмшапеш баптау параметрлеріне сәйкес жұмыс істей бастайды.
3. Егер сіз жұмыс кезінде уақытты немесе температураны өзгерткіңіз келсе, алдымен ⏯ батырмасын басуыңыз керек, содан кейін уақыт пен температураны жоғарыдағы қадамдарға сәйкес орнатуға болады. Баптау аяқталған басыңыз ⏯ және тұмшапеш тұмшапеш жаңа параметрлерге сәйкес жұмыс істейтін болады.

Таймерді орнату

1. Таймер 🕒 индикаторы пайда болғанша 🕒 батырмасын баса отырып, таймер баптауын таңдаңыз (жүйе 2-режимде жұмыс істеп тұрғанда дисплейде «Оятқыш» көрсетіледі). Реттегіштің көмегімен уақытты баптаңыз. Аспаздық функция іске қосылған соң оятқыш кері санай бастайды.
2. Оятқыштың іске қосылу уақыты аяқталған кезде бұл туралы пайдаланушының есіне сала отырып, дыбыстық сигнал 90 секунд дыбыс шығарып тұрады. Дыбысты өшіру үшін кез келген пернені басыңыз, әйтпесе дыбыстық сигнал 90 секундтан кейін автоматты түрде тоқтап, оятқыш белгішесі өшетін болады.
3. Оятқыш функциясын белсендірген кейін, дабыл сигналын тоқтатқыңыз келсе, оятқыш уақытын «0:00» мәніне орнату арқылы одан бас тарта аласыз.

Тұмшапешті жарықтандыру

1. Тұмшапештің шамын тұмшапештің шамы батырмасы арқылы қосуға/өшіруге болады.
2. Функцияны таңдағаннан кейін тұмшапеш шамы жанады, ал 1 минуттан кейін автоматты түрде сөнеді.

Балалардан бұғаттау

1. Күту режимінде балалардан бұғаттау функциясын қосу үшін батырмасын басып, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, дыбыстық сигнал естіледі. Бұл режим қосылғанда; қосу және артқы жарық батырмаларын қоспағанда, қалған батырмалар белсенді емес. Балалардан бұғаттау функциясын қосу/өшіру бар функциялардың жұмысына әсер етпейді.
2. Балалардан бұғаттау функциясынан бас тарту және тұмшапешті балалардан бұғаттаудан бұрын болған күйге келтіру үшін басыңыз және 3 секунд ұстап тұрыңыз. Бұғаттауды өшірген кезде дыбыстық сигнал естіледі.

Жұмыс режимін орнату және өзгерту

1. Экран ҚОСУ баптауын таңдаған кезде дисплейде күту режимінде тәулік уақыты көрсетіледі. Экранды ӨШІР баптауын таңдаған кезде дисплей 10 минуттық күту мерзімінен кейін толығымен өшеді.
2. Тіл және дисплейдегі индикация режимі, 1-режим - символдық немесе 2-режим - мәтіндік, жүйе баптауы арқылы ауыстырып қосуға болады. Баптау мәзіріне өтіп, қажет тілді таңдаңыз немесе дисплей индикациясының форматын өзгертіңіз, реттегішті басу арқылы таңдауыңызды растаңыз және тұмшапешті қайта қосыңыз.

Автоматты өшіру функциясы

Әрбір режимнің максималды жұмыс ұзақтығы бар. Автоматты өшіру функциясының келесі параметрлері бар:

Температура	Жұмыс ұзақтығы
35-120°C	24 сағат
121-200°C	6 сағат
201-250°C	4 сағат

Тұмшашкафтағы пайдаланушы белгілеген пісіру уақыты автоматты өшіру функциясына қатысты басымдық болып табылады (мысалы, 201°C-250°C температурада, алдын ала орнатылған автоматты өшіру 4 сағаттан кейін болады, бірақ пісіру уақыты 5 сағатқа орнатылады, сондықтан пеш 4 сағаттан кейін автоматты түрде өшпейді, бірақ 5 сағат өткенге дейін жұмысын жалғастырады).

Жұмыс режимдері

Тұмшашкафтың жұмыс режимдері айналмалы реттегіш көмегімен таңдалады

1 Пісірме 

Бұл режимде тұмшашкафта табиғи конвекция жасау үшін жоғарғы және төменгі қыздыру элементтері қолданылады.

2 Қыздыру 

Тұмшашкафты жылыту режимі, ол тек төменгі элементтен жылуды пайдаланады.

3 Үлкен гриль 

Бұл режимде жылу грильдің қыздыру элементі мен жоғарғы қыздыру элементінен келеді. «Үлкен гриль" пісіру аймағының жоғарғы жағында жоғары температураны қамтамасыз етеді, бұл үлкен бөліктерді гриль жасау үшін өте қолайлы.
Ескертпе: бұл режим үшін пісірудің аяқталу уақытын белгілеу мүмкін емес.

4 Мәжбүрлі конвекция 

Бұл функция тұмшашкафтың артқы қабырғасының артында орналасқан қыздыру элементі мен желдеткішті қамтиды. Тұмшапеш камерасын қыздыру мәжбүрлі конвекция көмегімен жүзеге асады. Бұлай қыздыру пештегі тағам айналасындағы ыстық ауаның біркелкі айналуын қамтамасыз етеді. Мәжбүрлі конвекцияның артықшылықтары:

- Тұмшапеш шкафты қыздыру және алдын ала қыздыру уақытын азайту.
- Бір уақытта екі деңгейде пісіру мүмкіндігі (қаңылтыр табаның орналасуында).
- Еттің шырындылығын сақтау арқылы тағамдардың дәмін жақсарту.

5 Конвекциямен пісіру 

Жоғарғы және төменгі қыздыру элементтері мен желдеткішті бір уақытта пайдалану режимі тұмшашкафтың камерасында ыстық ауаны таратуға мүмкіндік береді, бұл біркелкі пісіру температурасын қамтамасыз етеді.

6 Конвекциямен классикалық пісіру 

Бұл режимде төменгі қыздыру элементі мен желдеткіш қолданылады. Арнайы ыдыста пісірілген пісірмелер мен тағамның кейбір түрлеріне өте ыңғайлы.

7 Үнемді гриль 

Бұл режимді грильде аз мөлшерде азық-түлік әзірлеу үшін қолдануға болады.
Ескертпе: бұл режим үшін пісірудің аяқталу уақытын бөлгілеу мүмкін емес.

8 Қамырды толықсыту

Бұл режимде желдеткіш пен артқы қыздыру элементі жұмыс істейді.
Ескертпе: егер камерадағы температура осы режим үшін шекті мәннен асып кетсе, оны қосу мүмкін емес.

9 Конвекциялы гриль

Бұл режимде грильдің қыздыру элементінен келетін ыстық ауамен өнімдерді үрлеуді қамтамасыз ететін желдеткіш қолданылады.
Грильде пісіру режимдерін пайдалану кезіндегі усынымдар:
- Грильге арналған торды 4 немесе 5 деңгейінде орнатыңыз.
- Тұмшапеш камерасын алдын ала қыздыру үшін грильді пайдаланбас бұрын 5 минут ерте қосыңыз.
- Грильде ас әзірпегенде пештің есігі жабық болуға тиіс.

Ескертпе: бұл режим үшін пісірудің аяқталу уақытын белгілеу мүмкін емес.

10 Жылы күйінде сақтау

Бұл режимде тұмшапеш ішіндегі температура желдеткіш пен артқы қыздырғыш элементтіңжұмысы есебінен сақталады.

11 Жібіту

Бұл режимде желдеткіш пен артқы қыздыру элементі қолданылады, олар табиғи жібіту процесін тездету үшін тұмшапеш шкафтың камерасындағы ауа айналымын қамтамасыз етеді.

12 Пицца

- Қамырды салмасын кйдіріп алмай пісіруге мүмкіндік беретіндіктен, пицца әзірлеуге болады.
- Анағұрлым жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пицца пісіретін тасты кем дегенде 1 сағат қыздырыңыз. Пиццаны 1 немесе 2 деңгейде пісіріңіз.

Пицца	Түрі	Аксессуарлар/ асүй ыдысы	Деңгей	Температура в °C	Пісіру уақыты минутпен
Мүздатылған	Жұқа қамыр	Сым тор	2	200	15-20
	Қалың қамыр	Сым тор	2	200	20-25
Үйде ас әзірлеуге арналған	Жұқа қамыр	Пісірмеге арналған қаңылтыр таба	2	200	10-15
	Жұқа қамыр	Пиццаға арналған таба	2	250	8-12
	Қалың қамыр	Пісірмеге арналған қаңылтыр таба	2	200	15-20
	Қалың қамыр	Пиццаға арналған ыдыс	2	200	15-20

МАҢЫЗДЫ!

"310°C»режимін қоспағанда, егер "Пицца" режимі үшін пісіру ұзақтығын орнатпасаңыз, тұмшапеш шкафы оны қолмен өшірмейінше жұмыс істейтін болады. Олардың күйдіріп алмас үшін өнімдердің дайындық деңгейін бақылаңыз.
310°C температура қамыры жұқа пицца әзірлеуге ыңғайлы. Пиццаға арналған немесе басқа ыдысты қыздыру үшін тумшапешке салыңыз. Температура қажет деңгейге жеткенде, дыбыстық сигнал естіледі пиццаны алдын ала қыздырған контейнерге салыңыз. Тұмшапеш ішіндегі жоға ры температура арқасында контейнердегі пицца 5 минуттан кейін дайын болады. "Пицца 310C" режиміндегі тұмшапеш максималды жұмыс уақыты - 30 минут. Оны өзгерту мүмкін емес.

13 Кептіру

Бұл режимде артқы жылытқыш та, желдеткіш те қосылған.
Кептіру үшін ұсынылатын ауа температурасы 60-100°C.
Ескерту: 100 °C-тан жоғары температураны қолдану өнімнің кебуіне әкелуі мүмкін.

Мәзір	Пісіру	Температура	Уақыт	Деңгей
Қырықжапырақ жапырағы	Қайнату	70 °C	1 сағ 30 мин	3
Бұршақ	Қайнату	55 °C	3 сағ	3
Тәтті картоп кесектері	Буға ұстау	55 °C	13 сағ, 2 сағаттан кейін төңкеріп қою	3
Манго тілімдері	/	70 °C	8 сағ, 4 сағаттан кейін аударыңыз	3
Банан тілімдері	Тұздалған суға шылау	55 °C	7 сағ, 2 сағаттан кейін төңкеріп қою	3
Лимон тілімдері	/	55 °C	15 сағ, 2 сағаттан кейін төңкеріп қою	3
Алма тілімдері	Тұздалған суға шылау	55 °C	8 сағ, 2 сағаттан кейін төңкеріп қою	3
Шикі майсыз шошқа еті	/	55 °C	7 сағ, 2 сағаттан кейін аудару	3
Піспеген тауық төс еті	/	70 °C	5 сағ, 1 сағаттан кейін аудару	3
Сауыттағы асшаяндар	Қайнату	70 °C	6 сағ, 2 сағаттан кейін аудару	3
Ысталған сиыр еті	Қайнату және маринадтау	90 °C	2 сағ	3

Пісіру бойынша келтірілген ұсыныстар шамамен алынған және оларды пісіру тәжірибесі мен қалауына сәйкес реттеуге болады.

14 Автотазалау

Мүмкіндігінше ласты қолмен кетіріңіз. Бүйір қабырғаларын тазарту үшін сөрелер мен тіректерді алыңыз. Акватазалау режимі тұмшашкаф камерасын бумен тазартуды қамтамасыз етеді. Тиімді тазарту үшін, бұл режимді тұмшашкаф салқындағаннан кейін ғана қосыңыз. Көрсетілген уақыт мәні тек акватазалау режимінің жұмысына қатысты болады және пайдаланушының тұмшашкаф камерасын тазарту үшін қажет уақытты қамтымайды.

«Акватазалау» жұмысы кезінде температура мен уақытты орнату мүмкін емес.
1. Пештің түбіне 400 мл су құйыңыз.

2. Акватазалау режимін таңдаңыз.
3. Режимді іске қосу үшін, ⏯ басыңыз.
4. Бағдарлама аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал беріледі.
5. Бағдарлама аяқталған соң кейін камераның ішкі бетін бетті күтуге арналған абразивті емес ысқышпен сүртіңіз.

Камераны тазалау үшін тұмшапештерге жарамды жылы су мен арнайы жуғыш заттарды қолдануға болады.

Тазалау аяқталғаннан кейін тұмшашкафтың есігін шамамен 1 сағатқа ашық қалдырыңыз.

Толық кепкенін күтіңіз. Кептіруді тездету үшін, тұмшапешті шамамен 15 минут бойы 150 °C температурада ыстық ауамен жылытуға болады. Максималды тазалау әсері тұмшашкафты қолмен тазалау кезінде режим аяқталғаннан кейін бірден қол жеткізіледі..

ЕСКЕРТУ!

- Күйіп қалмас үшін камерада бу пайда болған кезде, тұмшашкафтың есігін ашпаңыз.
- Бағдарлама аяқталғаннан кейін, тұмшашкафтың есігін ашқанда, ыстық бу туралы ұмытпаңыз.
- Резервуарды толтыру үшін әрқашан тек таза ас суын пайдаланыңыз. Резервуарды толтыру үшін басқа сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- Акватазалау функциясын ешқашан қоспаңыз, түбінде су жоқ.
- Камера бетін ысқышпен тазалаған кезде қолды қорғау үшін термооқшаулағыш қолғап киіңіз.
- Акватазалау жұмысы аяқталған соң микроб көбею қаупінің алдын алу үшін камерада қалған суды сүртіп алыңыз.

15 Аэрогриль

Грильдің қыздырғыш элементі, төменгі қыздырғыш элемент, артқы қыздырғыш элемент және артқы желдеткіштің көмегімен тез дайындау. Дәстүрлі қуыру орнына пайдалануға кеңес беріледі.

Азық-түліктер	Температура	Дайындау уақыты	Деңгей
Тауық наггетстері	200 °C	20-25 мин	3
Тауық қанаттары	200 °C	18-23 мин	3
Балық сүбесі	180 °C	23-27 мин	3
Фри картоп	200 °C	17-20 мин	4
Пияз сақиналары	200 °C	15-18 мин	4

Пісіру бойынша келтірілген ұсыныстар шамамен алынған және оларды сіздің тәжірибеңізге және тамақ дайындаудағы қалауыңызға сәйкес реттеуге болады.

16 Авто-мәзір

Пісіру процесін жеңілдету үшін ет тағамдарын дайындауға арналған бірнеше бағдарлама қарастырылған.

1. ○ таңдау үшін реттегішті қолданыңыз. Дисплейге P1 шығады, басыңыз ○, P1 жыпылықтай бастайды. Мәзірді ауыстырып қосу үшін реттегішті бұраңыз.
2. Жеті алдын ала орнатылған P1 ~ P7 бағдарламалары қол жетімді, оларды ○ реттегішті айналдыра отырып тандауға болады.

3. Төмендегі кестеге жүгініңіз, қажетті рецептті таңдау үшін ○ қолданыңыз.
4. Ұсынылған пісіру температурасын және оның баптауларын көру үшін ○ немесе ⏱ басыңыз.
Ұсынылған пісіру уақытын және оның баптауларын көру үшін ○ немесе ⏱ басыңыз.
5. Алдын ала қыздыруды қосу үшін ⏯ дегенді басыңыз.
6. Белгіленген температураға жеткенде үш рет дыбыстық сигнал беріледі.


Мәні	Бағдарлама	Температура	Уақыт	Азық-түлік саны
P1	Бисквит	160 °C	35мин	500 г
P2	Шағын тоқаштар/ бәліштер	160 °C	18мин	20
P3	Жұмыртқа тарты (салындысы бар тарталеткалар)	190 °C	21 мин	12
P4	Піспенан	190 °C	9 мин	20
P5	Тауық наггетстері	200 °C	17 мин	20
P6	Тауық қанаттары	200 °C	24 мин	1200 г
P7	Қабырғалар	220 °C	19 мин	670 г

Кестедегі уақыт тек мысал ретінде көрсетілген.

5. ПАЙДАЛАНУ

Тұмашпештегі ыдысты қою деңгейлері

Тұмшапеш шкафында қаңылтыр табалары мен пісіру табақтарын орнатуға болатын 6 деңгей қарастырылған (суретті қар.).
Ұсынылған деңгейлер осы нұсқаулықтағы рецепттер кестелерінде көрсетілген.
Деңгейлер әрқашан төменнен жоғары қарай нөмірленеді.




Тұмшапеш шамын ауыстыру

МАҢЫЗДЫ!

Кез келген техникалық қызмет көрсету алдында, аспап элеткр желісінен өшірілуі тиіс. Егер сіз бұған дейін тұмшапеш шкафты қолданған болсаңыз, қызмет көрсетуді бастамас бұрын тұмшапеш шкаф камерасы мен қыздыру элементтерін толығымен суытыңыз.

- Қорғаныш әйнек қақпағын бұрап алыңыз. Қақпағын алғаннан кейін қорғағыш қақпақты орнына қоймас бұрын оны жуып, кептіруге кеңес беріледі.
- Ескі шамды абайлап алып, жоғары температурада (300°C немесе 350°C) қолдануға сай келетін жаңасын орнатыңыз, ол мына сипаттамаларға ие болуға тиіс: 220-240 В, 25 Вт, цоколь G9.
- Қорғағыш қалпақты орнына қойыңыз.



МАҢЫЗДЫ!

Тұмшапеш шкаф эмальына немесе шамның патронына зақым келтірмеу үшін бұрағыштарды немесе шамның қорғаныш қақпағын алу үшін басқа құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Қақпақты тек қолмен шешіп алуға болады.

МАҢЫЗДЫ!

Шамды жалаңаш қолдарыңызбен ауыстырмаңыз, өйткені саусақтардың іздері шамның мерзімінен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін. Әрқашан таза мата немесе қолғаптарды пайдаланыңыз.

МЫНАЛАРДЫ ЕСТЕ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ:


Кепілдік шамды ауыстыруға қолданылмайды.

6. КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ


Есікті шешіп алу

Тазалау және техникалық қызмет көрсету үшін тұмшапеш шкафтың камерасына қол жетімдікті жеңілдету үшін есікті алып тастауға болады.
Есігін алу үшін алдымен ілмектің қорғағыш бекітпесін жоғары жылжытыңыз. Есікті шамамен жартылай жауып, есікті көтеріңіз де, өзіңізге қарай тартыңыз.
Есікті орнына орнату үшін осы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.
Есікті орнатқан кезде ілмектің шығатын бөлігі (суретті қар.) корпустың жақтауындағы ілмектің ойығына кіретініне көз жеткізіңіз.
Есікті орнатқаннан кейін қауіпсіздік ысырмасын түсіруді ұмытпаңыз Бұл талапты орындамау есікті жапқан кезде ілмектің зақымдалуына әкелуі мүмкін.






Ысырманың қауіпсіздік ілмектерін жылжыту



Есікті шешіп алу

Ішкі шыны панельді шешіп алу

Есіктің жоғарғы бұрыштық элементтерін алыңыз (2 дана). Мұны есіктің екі шетінде бағыттаушы арқылы белгіленген дөңестерге басу арқылы істеуге болады, бұрыштық элементтер жылжиды. Ішкі шыны панельдің шетін сәл көтеріңіз, содан кейін оны төменгі бекіткіштерден алыңыз. Сол сияқгы, орташа шыны панельді шешіп алуға болады. Шыны панельді орнына орнату үшін осы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.



Ішкі шыны панельді шешіп алу

7. АҚАУЛАРДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Істен шығу, ақаулық немесе басқа ақаулар болған кезде уақыт индикаторында қате кодтары көрсетіледі. Олардың мәндері төменде сипатталған:

БЕЛГІЛЕУ	ҚАТЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР
E01	Температура сезгегі жұмыс істемейді / электр тізбегі ашық / электр тізбегінде ақау бар	Басқару жүйесі температура сезгегін таба алмайды, тұмшапеш қызбайды. Бөлмедегі температура -10°C-тан төмен.
E02	Температура датчигіндегі қысқа тұйықталу	Датчикте қысқа тұйықталу анықталды, тұмшапеш шкафы қызуды тоқдатады.

МАҢЫЗДЫ:

Барлық жөндеу жұмыстарын білікті персонал жүргізуі керек.

8. ТҰМШАШКАФТА ТАМАҚ ДАИЫНДАУ

Кондитерлік бұйымдарды пісіру

Ең жақсы нәтижелөрге жету үшін классикалық пісіру режимін немесе желдеткішті пайдалану режимдерін қолданыңыз.

Мыналарды есте сақтау маңызды:

Келесі кестелерде пісіру бойынша ұсыныстар мысал ретінде келтірілген және оларды сіздің тәжірибеңізге және аспаздық қалауыңызға байланысты реттеуге болады.
Егер қажетті тағам тізімде болмаса, құрамы бойынша ең жақын рецептті пайдаланыңыз.
Классикалық пісіру режимі

- Табиғи конвекция тұмшашкафтың орталық бөлігінде пісіруге тамаша жағдай жасайды. Бұл режим құрғақ пісіруге, нан өнімдеріне және кекстерге өте ыңғайлы.
- Қараңғы пісіру қалыптарын қолдануды ұсынамыз, өйткөні жарық жылуды көрсетеді, ал пісірме дұрыс қызармауы мүмкін.
- Әрқашан пісірпеге/пісіруге арналған қалыптарды грильге салыңыз. Егер сіз тұмшашкаф жинағына кіретін пісіру табасын қолдансаңыз ғана, торды алыңыз
- Пісірілген өнімді қажетті температураға дейін қыздырғанша, тұмшашкафқа салмаңыз.

Пісіру бойынша кеңестер

Пирогтың соңына дейін піскенін қалай білуге болады?
Пирогты ең үлкен қалыңдықтағы ағаш таяқшамен/тіс щеткасымен тесіңіз. Егер қамыр ағаш таяқшаға жабыспаса, пирог соңына дейін піскен.

Пирог ағып кетті
Рецептке сүйенгеніңізді тексеріңіз. Келесі жолы сұйық компоненттердің мөлшерін азайтуға тырысыңыз. Дұрыс консистенцияны қамтамасыз ету үшін, әсіресе, электрлік араластырғышты қолданған кезде, араластыру немесе шайқау уақытын қадағалаңыз.

Пирог бірден қызармады
Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, күңгірт пісіру қалыбын қолдануды ұсынамыз. Келесі жолы пісіруді аяқтау үшін, қалыпты бір деңгейге төмен қоюға немесе төменгі жылуды қосуға болады.

Чизкейк қажетті деңгейге дейін піскен жоқ
Келесі жолы пісірме температурасын азайтып, пісірме уақытын көбейтіңіз.

Мыналарды есте сақгау маңызды:

Кестеде көрсетілген пісіру/пісірменің температура және уақыт диапазондары болжамды.
Бастау үшін төменірек температураны таңдауды және қажет болған жағдайда пісірудің кейінгі кезеңцерінде оны арттыруды ұсынамыз.

Кесте - Пісірмені әзірлеу

Кондитерлік пісірме түрі	**Тұмша шкафтың деңгейі** («Тұмша шкафт табаларына арналған бағыттауыштардың деңгейлері» тарауын қараңыз)	**Температура (°C)** 	**Тұмша шкафтың деңгейі** («Тұмша шкафт табаларына арналған бағыттауыштардың деңгейлері» тарауын қараңыз)	**Температура (°C)** 	**Пісірме уақыты** (минуттарда)
Тәтті пісірме					
Жүзім қосылған қаусырма	2	160-170	2	150-160	55-70
Коржды торт	2	160-170	2	150-160	60-70
Жаңажылдық торт (қаусырма түрінде)	2	160-170	2	150-160	45-60
Чизкейк (қаусырма түрінде)	2	180-190	3	160-170	60-80
Жемісті қаусырма	2	190-200	3	170-180	50-70
Зертасы бар жемісті қаусырма	2	180-190	3	160-170	60-70
Бисквит	2	180-190	2	160-170	30-40
Қатпарлы қаусырма	3	190-200	3	170-180	25-35
Жемісті қаусырмадан қамыр	3	180-190	3	160-170	50-70
Шие қаусырмасы	3	190-210	3	170-200	30-50
Желе-ролл	3	190-200	3	170-180	15-25
Жемісті желпуіш	3	160-170	3	150-160	25-35
Майқоспалы булочкалар	2	190-210	3	180-210	35-50
Рождестволық қаусырма	2	180-190	3	170-200	45-70
Алма қаусырмасы	2	190-210	3	170-200	40-60
Қатпарлы қамырдан пісірме	2	180-190	3	160-170	40-60
Ерекше пісірме					
Беконы бар орама	2	190-200	3	170-180	45-60
Пицца	2	220-240	3	210-230	30-45
Нан-бөлке бұйымдары	2	200-220	3	180-210	50-60
Орамалар	2	210-230	3	200-220	30-40
Кондитерлік бұйымдар					
Зиресі бар орама	3	180-190	3	160-170	15-25
Піспенан	3	180-190	3	160-170	20-30
Дат пісірмесі	3	190-210	3	170-200	20-35
Қатпарлы тортшалар	3	200-210	3	180-200	20-30
Профитроли	3	190-210	3	170-200	25-45
Қатырылған пісірме					
Алма қаусырмасы	2	190-210	3	170-200	50-70
Чизкейк	2	190-200	3	170-180	65-85
Пицца	2	210-230	3	200-220	20-30
Картоп баданасы	2	210-230	3	200-220	20-35
Фри картоп	2	210-230	3	200-220	20-35

Ет пен балықты пісіру

Ең жақсы нәтижелерге жету үшін классикалық пісіру режимін немесе желдеткішті пайдалану режимдерін қолданыңыз.

Пісіру жөніндегі кеңестер

Жақсы нәтиже алу үшін ашық түсті пісіру табасын, ыстыққа төзімді шыны ыдыстарды, қыштан немесе шойыннан жасалған ыдыстарды пайдаланыңыз.
Құырылған тағамды жабу немесе оны фольгаға орау оның шырындылығын сақтайды, сонымен қатар тұмша шкафты кірден қорғайды.
Егер қуырдақты жаппаса, әзірлеу уақыты қысқарады. Еттің үлкен бөліктерін табаның үстіндегі гриль торына тікелей қоюға болады.

Мыналарды есте сақтау маңызды:

Кестелерде көрсетілген температура диапазоны мен қуыру уақыттары нұсқаулық болып саналады және ет түріне, өлшеміне және сапасына байланысты өзгеруі мүмкін.

- Тұмша шкафта үлкен кесілген етті қуырған кезде, есікте ылғалдың конденсациялануына себеп болатын шамадан тыс бу пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және тұмша шкафтың жұмысына әсер етпейді. Пісіруді аяқтағаннан кейін тұмша шкафтың есігі мен әйнегін мұқият сүртіп шығыңыз.
- Құырылған тағамдарды үнемі тексеріп, пісіру кезінде арасында айналдыру керек.
- Гриль сөрелерінде гриль жасағанда, сөренің тамшылатып тұрған шырындар мен май жиналатын табаға қатысты дұрыс орналасқанын тексеріңіз.
- Құырылған тағамдарды ешқашан пеште салқындату үшін қалдырмаңыз, өйткені бұл конденсацияның пайда болуына әкелуі мүмкін, өз кезегінде бұл тұмша шкаф элементтерінің коррозиясын тудыруы мүмкін.

Ет пен балықты пісіру

Ет немесе балық түрі	Салмағы (граммен)	Тұмшапеш шкафтың деңгейі («Тұмшапеш шкафтың қаңылтыр табаларына арналған бағыттағыштардың деңгейлері» бөлімін қар.)	Температура (°C)	Тұмшапеш шкафтың деңгейі («Тұмшапеш шкафтың қаңылтыр табаларына арналған бағыттағыштардың деңгейлері» бөлімін қар.)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минутпен)
Сиыр еті						
Сиырдың төс еті	1000	2	210-230	2	200-220	100-120
Сиырдың төс еті	1500	2	210-230	2	200-220	120-150
Әлсіз қуырылған ростбиф	1000	2	230-240	2	220-230	30-40
Сиыр еті стейкі (қатты қуырылған)	1000	2	230-240	2	220-230	40...50
Шошқа еті						
Терісімен пісірілген шошқа еті	1500	2	190-200	2	170-180	140-160
Шап терісі (бүйір)	1500	2	200-210	2	180-190	120-150
Шап терісі (бүйір)	2000	2	190-210	2	170-200	150-180
Шошқаның төс еті	1500	2	210-230	2	200-220	120-140
Ет орамы	1500	2	210-230	2	200-220	120-140
Сүйектегі шошқа котлеті	1500	2	190-210	2	170-200	100-120
Туралған котлеттер	1500	2	220-230	2	210-220	60-70
Бұзау еті						
Бұзау етінен орам	1500	2	190-210	2	170-200	90-120
Бұзау сирағы	1700	2	190-210	2	170-200	120-130
Қой еті						
Қойдың қабырғалары	1500	2	200-210	2	180-200	100-120
Қойдың жауырыны	1500	2	200-210	2	180-200	120-130
Ойын еті						
Қоян қабырғалары	1500	2	200-220	2	180-210	100-120
Қоянның иық сүйегі	1500	2	200-220	2	180-210	100-120
Қабан етінен ветчина	1500	2	200-220	2	180-210	100-120
Құс еті						
Бүтін тауық	1200	2	210-220	2	200-210	60-70
Бүтін тауық	1500	2	210-220	2	200-210	70-90
Үйрек еті	1700	2	190-210	2	170-200	120-150
Қаз еті	4000	2	170-180	2	150-160	180-200
Күркетауық еті	5000	2	160-170	2	140-150	180-240
Балық						
Бүтін балық	1000	2	210-220	2	200-210	50-60
Балық суфлесі	1500	2	190-210	2	170-200	50-70

Грильде пісіру

Инфрақызыл элементтің қарқынды жылу шығаруы тұмшашкафты және оның керек-жарақтарын қатты қыздырады.
Қолғапты және грильге арналға қолайлы керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
Ыстық маймен жанасуды және күйікті болдырмау үшін, грильде пісіру кезінде, ұзын гриль қысқышын пайдаланыңыз.
Жұмыс істеп тұрған грильді қадағалаусыз қалдырмаңыз.
Артық қыздырған кезде, тамақ күйіп кетуі мүмкін, мұның өзі тұтану қаупін тудырады.
Балалардың жұмыс істеп тұрған грильдің жанында тұруына жол бермеңіз.
Гриль майсыз шұжықтарды, ет, балық сүбе еті мен стейктерді қуыруға, сондай-ақ әртүрлі тағамдарды қыздырып қуыруға немесе қытырлақ етіп жасауға өте ыңғайлы.

Гриль пісіру бойынша кеңестер

Мыналарды есте сақтау маңызды:
Кестеде көрсетілген грильде пісіру температурасы мен уақыты болжамды болып табылады және еттің түріне, мөлшеріне және сапасына байланысты. Тұмшапештің есігі жабық болған кезде грильде пісіру керек.
Грильді алдын-ала 3 минут қыздыру керек.
Тағамдарды гриль торына салмас бұрын, тағамдар торға жабысып қалмас үшін оны маймен майлаңыз. Қаңылтыр табаның үстіне торды орнатыңыз, оған бөлінген май мен шырын ағады.
Пісірудің ортасында етті аударыңыз. Кішкентай ет бөліктерін тек бір рет айналдыру керек, ал үлкен ет кесектерін пісірген кезде оларды бірнеше рет айналдыру қажет болуы мүмкін. Етті аудару үшін тиісті қысқыштарды пайдаланыңыз.
Құрылғының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін тұмша шкафты және керек-жарақтарды әр қолданғаннан кейін мұқият тазалаңыз.

Грильде пісіру бойынша кесте

Ет түрі	Салмағы (граммен)	Тумшапеш шкафтың деңгейі (“Тумшапеш шкафтың қаңылтыр табаларына арналған бағыттағыштардың деңгейлері» бөлімін қар.)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минутпен)
Ет және сосискалар				
Әлсіз қуырылған еттен жасалған 2 стейк	400	5	240	14-16
Орташа қуырылған еттен жасалған 2 стейк	400	5	240	16-20
Қатты қуырылған еттен жасалған 2 стейк	400	5	240	20-23
Шошқа мойын етінен 2 сүбе ет	350	5	240	19-23
шошқа етінен 2 жаныштaлған кесек	400	5	240	20-23
бұзау етінен 2 стейк	700	5	240	19-22
қой етінен 4 котлета	700	5	240	15-18
грильде 4 сосиска	400	5	240	9-14
1 жарты тауық еті	1400	3	240-250	28-33 (бір жағынан) 23-28 (екінші жағынан)
Балық				
Албырт сүбесі	400	4	240	19-22
Фольгада пісірілген балық	500	4	230	10-13
Тосттар				
ақ нанның 4 тілімі	200	5	240	1,5-3
тұтас дәнді нанның 2 тілімі	200	5	240	2-3
Тостпен сэндвич	600	5	240	4-7
Ет/құс				
Тауық	1000	3	180-200	60-70
Шошқадан дайындалған қуырдақ	1500	3	160-180	90-120
Шошқа мойыны	1500	3	160-180	100-180
Шошқа сирағы	1000	3	160-180	120-160
Ростбиф	1500	3	190-200	40-80

9. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Үлгісі	HOX-TFT6AMTB
Кернеуі	220-240 В- 50 Гц
Толық қуаты	3400 Вт
Жоғарғы қыздыру	800 Вт
Құрама гриль	1000 Вт
Төменгі қыздырғыш	1150 Вт
Жылу желдеткіші	1600 Вт
Желдеткіш	•
Таза салмағы:	34 кг
Брутто салмағы	38 кг
Қаптамасыз өлшемі (БхЕхТ):	595x595x567 мм
Қаптамадағы өлшемі (БхЕхТ):	660x665x652 мм
Энергиялық тиімділік класы:	A
Жиынтық:	• тор • телескопиялық бағыттағыштар • (1 жиынтық) • қаңылтыр таба - 2 дана • нұсқама • энергетикалық тиімділік жапсырмасы*

* Өндіруші бұйымның конструкциясы мен жиынтықталуына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын сақтайды.

Клиенттерді қолдау қызметі

Біз «Хайер» компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ бірегей қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызбен қиындықтар туындаса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, хабарласыңыз:

- өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе
-біздің колл-орталыққа:
8-800-070-01-29 (РК)
- https://haieronline.kz сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығына жүгіне отырып, паспорт тақтасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз: Моделі, сатылған күні.
Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін аспаптыы сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік қызметін көрсетуді мүмкін емес етеді.
Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақталарын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін. Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Кепілдік шарттары

Құрметті сатып алушы!
Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбукгерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын өскере отырып, нақты қызмет өту мерзімі ресми қызмет өту мерзімінен өлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет өту мерзімі аяқталғаннан көйін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын өскере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.
Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.
Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді езіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, сондай-ақ сервистік қызмет көрсетуден де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және сервистік қызмет көрсетудің шарттары
Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді және тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 36 ай ішінде қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Ықтимал түсінбеушілікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету - Өндірушінің кінәсінен туындаған бұйымның ақауларын жою тұтынушы үшін тегін. Бұл қызмет бұйым иесі тауар және кассалық чектерін, бұйымды сатып алу дерегін растаушы басқа құжаттарды көрсеткен кезде ғана көрсетіледі.
Көпілдікті текуәкілөттті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсөтеді. Уәкілөттті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін көлесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:
8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)
немесе https://haieronline.kz/ сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.
Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.
Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған буйымдарға таратылмайды:
— тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
— бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
— тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
— пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
— сукүбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
— бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мәлшерлемесін асып кету;
— бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
— үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жәндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
— Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
— еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
— жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
— егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түсеннен ақаулар анықталған болса;
— су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бәгін қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті және қосымша қызмет керсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:
— бұйымды пайдалану жөрінде орнату және іске қосу;
— тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және көңес бөру;
— бұйымды сырттан нөмөсе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті және қосымша қызмет көрсетуге жатпайды:
— желдеткіштерге арналған сүзгілер;
— кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
— шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
— қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
— сүзгілер, иісті сіңіргіштер, лэмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған езге сыйымдықтар;
— басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
— бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыр және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.
* қосымша сервистік қызмөт көрсету элөктрлік су жылытқыштарға, қысқа толқынды пештерге, HRB-331 модөльді тоңазытқыштарға, мүздатқыштарға, газ плиталарына, шаңсорғыштарға, робот-шаңсорғыштарға, телөдидарларға, төлөдидарлық приставкаларға, планшеттік компьютөрлөргө, ноубукгергө, ұялы телөфондарға, гироскутөрлөргө таралмайды.

Haier

RU

Изготовитель:
«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Сделано в Китае

KZ

Өндіруші:
«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдин г, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алм аты қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Қытайда жасалған

EAC